

«Бекітемін»  
 Қазақстан Республикасы  
 Білім және ғылым  
 вице-министрі  
 Б.А. Асылова  
 « 7 » 03 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша  
 «Қазақ тілі» (оқу орыс тілінде жүретін мектептер үшін) пәнінен 11-сыныпқа  
 арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

**1. Мақсаты:** 11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша дайындық деңгейлерін бағалау.

**2. Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 10, екінші деңгейде – 7, үшінші деңгейде – 3 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес қазақ тілі пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Лексика	01	Сөз мағыналары	01	Сөздің тура және ауыспалы мағыналары
				02	Мақал-мәтелдер
				03	Синоним
				04	Антоним
02	Фонетика	01	Дауысты дыбыстар	01	Дауысты дыбыстар
				02	Дауыссыз дыбыстар
				03	Буын
				04	Үндестік заңы
03	Сөзжасам	01	Түбір сөз, туынды түбір	01	Түбір сөз
				02	Жұрнақ. Туынды түбір мен түбірлес сөздер
04	Морфология	01	Зат есім	01	Жалпы, жалқы зат есім
				02	Негізгі, туынды зат есім
				03	Зат есімнің жалғаулары
		02	Сын есім	01	Сын есімнің түрлері
		03	Сан есім	01	Сан есімнің түрлері
		04	Есімдік	01	Есімдіктің түрлері
		05	Етістік	01	Етістіктің түрлері: негізгі, туынды, дара, күрделі, болымды, болымсыз етістіктер
				02	Етістіктің шақтары
03	Етістіктің райлары				
06	Шылау	01	Септеулік, демеулік, жалғаулық шылаулар		
05	Синтаксис	01	Сөйлем. Сөйлем мүшелері	01	Тұрлаулы мүшелер
				02	Тұрлаусыз мүшелер

		02	Жай сөйлем	01	Жай сөйлемнің түрлері
		03	Құрмалас сөйлем	01	Салалас құрмалас сөйлем
				02	Сабақтас құрмалас сөйлем
		04	Оқшау сөздер	01	Қаратпа сөз, қыстырма сөздер
06	Оқу сауаттылығы	01	Оқу сауаттылығы	01	Оқу сауаттылығы

### 3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша оқушылар қазақ тілі курсынан меңгеруі тиіс:

1) лексиканың тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, сөздердің мағыналық топтарына қарай түрлері, лексикалық терминдерді дұрыс ажыратып, орынды қолдана, т.б. білуі;

2) фонетиканың тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, фонетикалық ұғымдардың мәні, сөз құрамындағы дыбыстардың түрлері және олардың жіктелуі;

3) түбір сөз бен туынды сөздің белгілері, тіркесті сөздердің ерекшеліктері және емлесі, қос сөздер, біріккен сөздер, т.б. емлесі;

4) морфологияның тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, сөз таптарының өзіндік белгілері және бір-бірінен айырмашылықтары, сөз таптарының мағыналық топтары, сөз құрамына қарай талдау жасай білу, сөйлемге морфологиялық талдау жасай алу, сөз таптарының түрлену заңдылықтарының сөз мәдениетімен бірлігін тани алу, морфологияға қатысты тілдік ұғымдардың мәнін анықтау;

5) синтаксистің тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, сөз тіркесінің өзіне тән белгілері, тіркесу тәсілдерін ажырату, сөздердің байланысу тәсілдері, сөйлемнің мағынасына және құрылымына қарай бөлінуінің жолдары, сөйлем мүшелерінің түрлері, сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне тән белгілері, сөйлемге синтаксистік талдау жасай алу;

6) Оқу сауаттылығы – мәтін мазмұнын түсіну, ұғыну, жазбаша мәтіндерді ой елегінен өткізу. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, өз ойын қорыта білу.

### 4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 15 тапсырмадан және оқу сауаттылығына арналған 5 тапсырмадан тұрады.

### 5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 20.

### 6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 11 сыныптарында апробациядан өтеді.